

Үржар ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 19 шілдедегі № 393 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 6 тамызда № 5-18-161 болып тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 186 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 21.05.2020 № 186 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Салық Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 5 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13285 тіркелген) сәйкес, Үржар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Үржар ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу

құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Үржар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Үржар ауданы әкімінің орынбасары Д. Хамитовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Үржар ауданының әкімі

С. Зайнулдин

Келісілді:

Үржар ауданы бойынша кірістер

басқармасының басшысы

С. Қыпшақов

Үржар ауданы әкімдігінің

2018 жылғы 19 шілдедегі

№ 393 қаулысына қосымша

Үржар ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

Үржар ауданы		
1	Қарақол	1,5
2	Ферма 3	1,5
3	Абай	1
4	Сартерек	1
5	Сағат	1,1
6	Шолпан	1,5
7	Таскескен	1,5
8	Үш-бұлақ	1
9	Алтыншоқы	1,5
10	Лай-бұлақ	1,4
11	Теке-бұлақ	1,1
12	Айтбай	1,4
13	Сегізбай	1,4
14	Қарабұйрат	1,2
15	Жаңа-тілек	1,5
16	Тас-арық	1,4
17	Жоғарғы-Егінсу	1,5
18	Егінсу	1,5
19	Жанай	1,5

20	Ақжар	1,6
21	Қарамойыл	1,1
22	Амангелді	1,1
23	Үржар	1,7
24	Қызыл-Ту	1,3
25	Бургон	1
26	Бестерек	1,5
27	Ер-Қабанбай	1,3
28	Қазымбет	1,4
29	Барқытбел	1,5
30	Батпақты	1,3
31	Некрасовка	1,3
32	Теректі	1,2
33	Науалы	1,5
34	Малақ	1,2
35	Көлденең	1,5
36	Көкөзек	1,5
37	Елтай	1,5
38	Мақаншы	1,7
39	Қаратұма	1,5
40	Қаратал	1,4
41	Бекет	1,1
42	Бұғыбай	1,2
43	Көктал	1,4
44	Келдімұрат	1,5
45	Көктерек	1,5
46	Қайыңды	1,3
47	Қызыл-бұлақ	1,2
48	Қарабұта	1,4
49	Ақшоқы	1,4
50	Подгорный	1
51	Бақты	1,5
52	Қарабұлақ	1,5
53	Барлық-Арасан	1,4
54	Қабанбай	1,5
55	Қызыл-Жұлдыз	1,1